

**«Атырау Жарық» АҚ 2021 жылға арналған лот №173 «КТПН трансформаторларымен» бойынша тендер тәсілімен сатып алудың қорытындысы**

Конференц-зал, 5 қабат  
Атырау қ., Махамбет к., 110 А

1 қыркүйек 2021 ж.  
15.00 сағ.

**Тендер комиссиясының құрамы:**

- Құрымбаев Ж.Е. — құқықтық және мамандар мәселелері бойынша тете-президент – комиссия төрағасы
- Сисенғалиев Қ.Қ.— I тете- президент – бас инженердің орынбасары – комиссия төрағасының орынбасары-

**Комиссия мүшелері:**

- Орнбаев П.К. – материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің басшысы;
- Хисимова А.Ғ.- экономикалық талдау бөлімінің басшысының м.а;

**Комиссия хатшысы:**

- Жемісқалиева Н.А. - материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің 1 кат. инженері

*Мұқашева А.Х. – жоспарлау-экономикалық бөлімінің басшысы – комиссия мүшесі - 05.08.2021 жылдың №336 бұйрығы бойынша еңбек демалысында.*

2021 жылдың 1 қыркүйек сағ. 15.00 «Атырау Жарық» АҚ конференц-залы (5 қабат) Атырау қ. Махамбет Өтемісұлы 110а мекен жайы бойынша тендер комиссиясы «**Атырау Жарық» АҚ 2021 жылға арналған лот №173 «КТПН трансформаторларымен»** бойынша тендерлік тәсілімен сатып алудың қорытынды рәсімі, ҚР «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Заңы (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидасы (бұдан әрі - Ереже) және «Атырау Жарық» АҚ-ы президентінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №726-II бұйрығымен бекітілген Өндірістік қажеттіліктері үшін тауар, жұмыс және қызметтер сатып алуды ұйымдастыру және өткізу туралы ережесіне (бұдан әрі-Қағида) сәйкес жүргізілді.

**Хаттаманың мазмұны:**

**1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы мен қысқаша сипаттамасы:**

Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы теңге ққс-сыз	Сумма теңге ққс-сыз
КТПН-10/0,4кВ 160кВА трансформаторымен	К-т	9	6 061 809,53	54 556 285,77
КТПН-10/0,4кВ 250 кВА трансформаторымен	К-т	9	6 488 143,00	58 393 287,00
КТПН-10/0,4 кВ 400 кВА трансформаторымен	К-т	2	7 286 250,00	14 572 500,0
ВВУ-СЭЦ-ПЗ-10/1000 УХЛ1 вакуум сөндіргіші	дана	9	3 541 071,43	31 869 642,87
<b>Барлығы</b>				<b>159 391 715,64</b>

**Тауардың жеткізілетін мерзімі және орны** -2021 жыл ішінде, Атырау қаласы, Махамбет көшесі 110а

**2) тендерлік өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атаулары мен мекенжайлары:**

1. «АвтоМотоТрейд» ЖШС-і, мекен-жайы: Алматы қ., Ауэзов ауданы, Өтеген батыр көшесі 73 үй, 206 бөлме.
2. «Юг-Барыс» ЖШС-і, мекен-жайы: Алматы қ., Жароков көшесі, 272 үй, 4 кеңсе.

### 3) тендерлік өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік деректері:

1. «АвтоМотоТрейд» ЖШС-і 2017 жылдың 15 наурызы алғашқы тіркеу күнінен бастап қызмет жұмысын бастады. Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің құрылтайшысы және жалғыз қатысушысы болып Жаймұратов Ғалымжан Жеткербайұлы болып және де бас директор қызметін өз құзыретілігіне қалдырады. «АвтоМотоТрейд» ЖШС-і төлемқабілетігі және қаржылық, материалдық, еңбек ресурсы келісім шарт жасау кезінде міндетін орындай алады. Тендер өту кезінде «АвтоМотоТрейд» ЖШС-і салық комитеті алдында және банк алдында ешқандай қарызы жоқ, ликвидацияда емес.
2. «Юг-Барыс» ЖШС-і 2015 жылдың 7 қаңтарында алғашқы тіркеу күнінен бастап қызмет жұмысын бастады. Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің құрылтайшысы және жалғыз қатысушысы болып Құмарғалиев Ержан Шаймарданұлы болып және бас директор қызметін өз құзыретілігіне қалдырады. «Юг-Барыс» ЖШС-і төлемқабілетігі және қаржылық, материалдық, еңбек ресурсы келісім шарт жасау кезінде міндетін орындай алады. Тендер өту кезінде «Юг-Барыс» ЖШС-і салық комитеті алдында және банк алдында ешқандай қарызы жоқ, ликвидацияда емес.

### 4) әрбір тендерлік өтінімнің бағасы мен басқа да негізгі шарттары:

1. «АвтоМотоТрейд» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі №173 лот «КТПН трансформаторларымен» бойынша тендерлік өтінімге берген жалпы сомасы –157 164 287,00 (жүз елу жеті миллион бір жүз алпыс төрт мың екі жүз сексен жеті теңге, 00 тиын) теңге ҚҚС-сыз. Сатып алатын тауар, қызмет, жұмыстарының бекітілген тізбе сомасынан аспайды.

Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы теңге ққс-сыз	Сумма теңге ққс-сыз
КТПН-10/0,4кВ 160кВА трансформаторымен	К-т	9	6 000 500,00	54 004 500,00
КТПН-10/0,4кВ 250 кВА трансформаторымен	К-т	9	6 350 143,00	57 151 287,00
КТПН-10/0,4 кВ 400 кВА трансформаторымен	К-т	2	7 200 250,00	14 400 500,00
ВВУ-СЭЩ-ПЗ-10/1000 УХЛ1 вакуум сөндіргіші	дана	9	3 512 000,00	31 608 000,00

2. «Юг-Барыс» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі №173 лот «КТПН трансформаторларымен» бойынша тендерлік өтінімге берген жалпы сомасы-158 277 800,00 (жүз елу сегіз миллион екі жүз жетпіс жеті мың сегіз жүз теңге,00 тиын) теңге ҚҚС-сыз. Сатып алатын тауар, қызмет, жұмыстарының бекітілген тізбе сомасынан аспайды.

Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы теңге ққс-сыз	Сумма теңге ққс-сыз
КТПН-10/0,4кВ 160кВА трансформаторымен	К-т	9	6 025 000,00	54 225 000,00
КТПН-10/0,4кВ 250 кВА трансформаторымен	К-т	9	6 450 000,00	58 050 000,00
КТПН-10/0,4 кВ 400 кВА трансформаторымен	К-т	2	7 250 500,00	14 500 000,00
ВВУ-СЭЩ-ПЗ-10/1000 УХЛ1 вакуум сөндіргіші	дана	9	3 500 200,00	31 501 800,00

### 5) тендерлік өтінімдердің салыстыруын және бағасын жазу:

Тендерлік комиссия өтінімдерді салыстыру және баға беру кезінде екі әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдерін қабылдады: «АвтоМотоТрейд» ЖШС-і және «Юг-Барыс» ЖШС-і. Тендерлік өтінімдерді салыстыра отырып, әлеуетті өнім берушілер бірдей шартта келісімін беріп отыр. Сондықтан жеңімпазды ең төмен баға негізінде анықталады:

1. «АвтоМотоТрейд» ЖШС-інің өтінімнің жалпы сомасы – 157 164 287,00 (жүз елу жеті миллион бір жүз алпыс төрт мың екі жүз сексен жеті теңге, 00 тиын) теңге ҚҚС-сыз.
  2. «Юг-Барыс» ЖШС-інің өтінімнің жалпы сомасы – 158 277 800,00 (жүз елу сегіз миллион екі жүз жетпіс жеті мың сегіз жүз теңге, 00 тиын) теңге ҚҚС-сыз.
- Әлеуетті өнім беруші «АвтоМотоТрейд» ЖШС-і ең төмен баға ұсынды.

6) тендерлік өтінімдерді бағалауға және салыстыруға қабылданбаған жағдайда – оларды бағалауға және салыстыруға қабылдамаудың негіздері:

Қағиданың 41 тармағы бойынша өлшемшарттарды ескере отырып, келіп түскен барлық тендерлік өтінімдерді қарастырылды.

7) Тендер жеңімпазының атауы мен жеңімпаз анықталған шарттар:

«АвтоМотоТрейд» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің мекен-жайы: Алматы қ., Ауэзов ауданы, Өтеген батыр көшесі 73 үй, 206 бөлме – ең төмен баға ұсыну арқылы жеңімпаз болып анықталды.

8) екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің атауы:

«Юг-Барыс» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің мекен-жайы: Алматы қ., Жароков көшесі, 272 үй, 4 кеңсе

9) тендерлік құжаттаманы түсіндіру туралы сұратуларды, оларға жауаптарды қорытып жазу, сондай-ақ тендерлік құжаттамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қорытып жазу:

Тендерлік құжаттарды түсіндіру туралы сұратулар түскен жоқ, сондықтан өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жоқ.

10) тауарларды сатып алу туралы шартқа қол қойылу мерзімін белгілеу:

«АвтоМотоТрейд» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі тендерлік өтінімнен жеңімпаз болып анықтама хабарлама алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде келісім шартқа қол қоюы тиіс.

11) техникалық сарапшыларды тарту туралы ақпарат:

Техникалық сарапшылар тартуды қажет етпеді

12) егер тендер өткізілсе, онда Тізбеде көзделген, аталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін табиғи монополия субъектісі бөлген сома туралы ақпарат.

Тізбеде көзделген, аталған тауарлар: 159 391 715,64 теңге (жүз елу тоғыз миллион үш жүз тоқсан бір мың жеті жүз он бес теңге, 64 тиын) ҚҚС-сыз. Барлық әлеуетті өнім берушілер Тізбеде көзделген сомасынан асқан жоқ.

Тендерлік комиссия жоғарыда баяндалған мазмұнды басшылыққа негізделе отырып, мынадай шешім қабылдады:

1. 2021 жылға арналған №173 лот «КТПН трансформаторларымен» бойынша тендер өтізілді деп танылсын.
2. Қағиданың 48 тармағындағы сәйкес барлық әлеуетті өнім берушілерді тендер өткізілгені туралы хабарлама интернет-ресурсында жариялансын.
3. Қағиданың 49 тармағындағы сәйкес «АвтоМотоТрейд» ЖШС-і, 2021 жылға арналған №173 лот «КТПН трансформаторларымен» бойынша тендерлік өтінімнен жеңімпаз болғандығы жөнінде анықтама хабарлама жіберілсін.
4. Материалдық-техникалық жабдықтау бөліміне «АвтоМотоТрейд» ЖШС-імен, анықтама хабарламасын алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде келісім шарт жасақтау тапсырылсын.

Комиссия төрағасы:

Құрымбаев Ж.Е.

Комиссия төрағасының орынбасары:

Сисенғалиев Қ.Қ.

Комиссия мүшелері:

Орнбаев П.Қ.

Хисимова А.Ф.

Тендерлік комиссия хатшысы:

Жемісқалиева Н.А.